

9. Латов Ю. В., Ковалёв С. Н. Теневая экономика: Учебное пособие для вузов – М.: Изд-во Норма, 2006. – 336 с.
10. www.zakon.kz
11. Программа «Основные направления экономической политики и организационных мер по сокращению размеров теневой экономики в Республике Казахстан»
12. Закон Республики Казахстан от 2 июля 1998 года «О борьбе с коррупцией» № 267-І.
13. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. 28.01.2011 г. «Построим будущее вместе»
14. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. Сентябрь 1998 г. «О положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики: демократизация общества, экономическая и политическая реформа в новом столетии».
15. Бакалавр Экономики. Хрестоматия в 3 томах. Российская экономическая академия им. Г.В. Плеханова, Центр кадрового развития. Том 2./под общ. ред. В.И. Видяпина. – М.: Информационно-издательская фирма «Триада», 1999 год. - 1056 с.
16. Вестник КазГУ. Серия экономическая. Алматы, 1999, № 1/ Жатқанбаев Е.Б., Мухтарова К.С. «Безработица как фактор снижения уровня жизни населения».
17. Журнал – «Вопросы экономики. Занятость и рынок труда», 1993, №12
18. Журнал – «США-Канада. Экономика, политика, культура», 2008, №12
19. Ивашковский С.Н. Макроэкономика: Учебник. (Издание 2-ое, исправленное, дополненное). – М.: Дело, 2002. – 472 с.
20. Капканщиков С. Макроэкономика. - М, 2007. – 234 с.
21. Макконелл К.Р., Брю С.Л. Экономикс. Принципы, проблемы и политика: Учебник. (Издание 13-е). – М.: Инфра-М, 1999. – 984 с.
22. Международный журнал «Проблемы теории и практики управления». 1/97.
23. Мэнкью Г.Н. Макроэкономика. Пер.с англ. – М.: Изд-во МГУ, 1994. – 736 с.
24. Отчет Комитета по статистике и анализу РК 1997. Алматы, 1998.
25. Политика доходов и заработной платы: Учебник. Под ред. П.В. Савченко и Ю.П. Кокина. - М.: Юристъ, 2000. - 456 с.
26. Сакс Дж.Д., Ларрен Ф.Б. Макроэкономика. Глобальный подход: Пер. с англ. – М.: Дело, 1996. – 848 с.
27. Тарасевич Л.С., Гребенников П.И., Леусский А.И. Макроэкономика: Учебник. (Издание 6-ое, исправленное и дополненное). – М.: Высшее образование, 2006. – 654 с.
28. Statistical Abstract of the U.S., 2008.
29. www.kisi.kz
30. www.kursiv.kz
31. www.ria.ru
32. www.rosbalt.ru
33. www.stat.kz

Мақалада нарықтық экономикасы бар елдердегі, оның ішінде Қазақстанда, республикамыздың дамуының экономикалық тұрақсыздығының факторлары ретінде жұмыссыздық пен көлеңкелі экономиканың динамикасы талданып, олардың отандық экономикаға жағымсыз әсерін азайту бойынша ұсыныстар беріледі.

The article provides with analysis of unemployment rate dynamics in countries with market economy including Republic of Kazakhstan, and shady economy as factors of economical instability of Republic's development. Recommendations concerning decrease of their negative impact on domestic economy are given.

С.Қ. Тажиева

КЛАСТЕР МЕН ТЕРРИТОРИАЛДЫ-ӨНДІРІСТІК КЕШЕН ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттің, аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын өсіру және бәсекеге қабілеттігін арттыру механизмі ретінде экономиканы кластерлік ұйымдастыру

әдісі қолданылуда. Көптеген шет ел мемлекеттерінде жүзден аса кластер қалыптастырып, жаһандану кезінде олардың ролі аса маңызды болғанын байқаймыз.

Кластерді зерттеуші ғалым М. Потер, кластер - өндірістік топ, бұл топ өзара толықтырушы бір салада жұмыс жасайтын географиялық жағынан көршілес орналасқан компаниялар мен ұйымдардың жиынтығы. Кластер негізі екі қағидаға – шоғырлану және бәсекелестікке сүйенеді деп тұжырамдайды.

Кластердің заманауи қажеттілік екені күмән тудырмайды. Экономикасы дамыған шет мемлекеттердің тәжірибесін зерделеу арқылы ұлттық экономиканы кластерлік тұрғыда ұйымдастырудың тиімділігін көрсетуге болады. Барлық дамыған елдер кластер құру арқылы өз экономикасын жетілдіріп отыр. Кластерлік саясат бағдарламалары әр елдерде әр кезеңде жүзеге асты: АҚШ 1970-1980 жылдар; Австрия, Ұлыбритания, Жапония – 1990-2003 жылдар; Финляндия, Франция – 1995 жылдар; Венгрия 1996 жылдар; Словения 1999-2003 жылдар. Кластерлер жаңа территорияны желілік ұйымдастыруға, ресурстарды жұмылдыруға мүмкіндік берді, ол жаһанданған экономикада бәсекеге қабілеттіліктің негізі болып табылады. Ұлттық бәсекеге қабілеттілік АҚШ-та 24 кластер тобымен (318 территориалдық кластер), Италияда 200 «өндірістік аймақ», Данияда – 29 жетекші кластерлермен қамтамасыз етіліп отыр. Осы мемлекеттердің кластерді дамыту тәжірибесін қарастыру арқылы, экономика үшін кластерлер ішкі нарық пен халықаралық нарықта өсу нүктесі болып табылатынын дәлелдеуге болады. Себебі экономикада бір кластерден кейін жаңа кластерлердің пайда болуы елдің бәсекеге қабілеттігін арттыруға өз әсерін тигізеді.

Қазақстан сияқты ТМД елдерінде кластерді қалыптастыру соңғы 5-6 жылда бастау алды. Осыған байланысты экономистер қауымында кластер деген ұғым инновация емес, ол территориалды - өндірістік кешен (ТӨК) түсінігімен үндес ұғым деген пікір қалыптасқан. Сол себепті кластер мен ТӨК ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігі туындайды.

1940 жылы Н.Колосовскийдің географияға енгізген анықтамасы бойынша, территориалды-өндірістік кешен (ТӨК) – бір-бірімен қатынаста болатын жақын орналасқан өндірістер. Оның пайымдауынша ТӨК- өзара тәуелді және өзара шартталған өндірістер, олардың белгілі бір территорияда орналасуы сол жердегі ортақ инфрақұрылымды, кадрлық база, энергиялық қуатты толық пайдалануды қамтамасыз ету арқылы, ұзақ уақытты мерзімде экономикалық тиімділікке қол жеткізуге бағытталған. Әдетте, ТӨК-ке бір-біріне жақын орналасқан аралас өндіріс орындары кіреді (гидроэлектростанция және алюмин зауыты, мұнай және химия комбинаты). Кеңес Үкіметі кезінде ТӨК ресми құжаттарда «Социализм кезіндегі өндірістік ұйым нысаны» ретінде рәсімделді [1].

Қысқаша экономикалық сөздікте территориалды-өндірістік кешенге келесідей анықтама берілген, ТӨК – экономикалық тәуелді, пропорционалды дамитын өндіріс жиынтығы, шектелген территорияға арналған және сол жердегі ресурстарды толық игеруге бағытталған өндіріс орындары. Территориалды-өндірістік кешенге өндірісті толықтыратын мамандандырылған кәсіпорындар, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілері жатады. Онда өндірістің прогрессивті нысандарына тиісті мамандану, шоғырлану, ұйымдастыру экономикалық және табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану жағдайлары жасалды. Өзара тәуелді өндірістердің үйлесуі ұйым және бір жүйелі өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды пайдалану, капитал салымдары мен ағымдағы шығындарды қысқартуға мүмкіндік берді.

ТӨК-ң дамуы негізінен жанармай, энергетикалық және шикізат ресурстарына бағыттады. Атап айтқанда, ҚазКСР территориясында негізгі құрылым ретінде Павлодар – Екібастұз ТӨК құрылып, ол қара және тас көмір қоры, ас тұзы мен мыс қорына негізделген болатын. Ал Қаратау ТӨК-і, Жамбыл ТӨК-гі ірі фосфорит кенінің негізінде құрылды. Маңғышлақ ТӨК-інің пайда болуында мұнай, газ, қара көмір, мырыш кені, фосфорит қазбалары кеңінен қолданылды [2].

ТӨК-ң оңтайлы қалыптасып, дамуы жоспарлау мен басқару жүйесінің жақсы дамуымен байланысты. Осы себептерге байланысты КСПК-тің XXVII мәжілісінде ТӨК қалыптастыруды дамыту мен тәжірибені жетілдіру, өндірістік түйіндерді жетілдіру,

аймақтардың экономикалық және әлеуметтік кешенін жоспарлауды жетілдіру, экономикалық аудан шаруашылықтары мен ТӨК дамыту мәселелері қарастырылды.

КСРО-ның бес жылдық экономикалық-әлеуметтік жоспары 1970 жылдары КСРО экономикасын жалпы ұлттық кешенге айналуын ескере отырып жасалынды. ТӨК-ң ең басты мақсаты 15 республиканың ұлттық шаруашылығын ажырамас бір жүйеге келтіру және Кеңестік Одақтың ыдырамауына кепіл болу еді. Экономикалық күшті қуатты ету барлық республикалардың негізгі қызметі, демек өндіріс қай аймақта орналасқанына байланыссыз барлық республикалар осы мәселемен айналысты. Сондықтан, негізгі күш одақтас республика экономикаларын теңдестіруге емес, ірі ТӨК қалыптастыруға жұмылдырылды. Одақ кезінде олар, ең алдымен, жалпы Одақтың тұтас экономикасын жоғарылатуға қызмет етті. ТӨК қағидасы бойынша ТӨК аймақ үшін емес, аймақ ТӨК үшін құрылады және оны басқару орталықтан жүргізілді. Тағы бір ерекшелігі – ТӨК жоспарлы экономикада жұмыс істегендіктен ол жерде бәсекелестік туралы түсінік болмады [3].

Кластер ТӨК түсінігіне жақын, ұқсас түсінік болғанымен, олардың түпкілікті негізінде бірқатар айырмашылықтар бар. Кластер нарықтық экономика жағдайында дамиды және ол алдымен оны құрастырушы кәсіпорынға қызмет етеді, екінші кезекте сол аймақтың экономикасына, содан кейін ел экономикасына жұмыс жасайды.

Территориялық-өндірістік кешен мен кластерлер айырмашылықтарын И.В. Пилипенко келесі параметрлер бойынша қарастырып, салыстыру арқылы олардың айырмашылықтарын көрсетті (1-кесте) [4]:

- өндірістік ұйымның формаларының қалыптасу шарттары бойынша, кластер нарықтық экономикада (капиталистік жүйе) пайданы максималдау мақсатында құрылады. Ал ТӨК жоспарлы шаруашылықта (социалистік жүйе) шығындарды минималдау мақсатында қалыптастырылды;

- генезис бойынша, кластерде нарықтық күштердің кеңістікте пайда болу – агломерациялық әсер, еңбек өнімділігін арттыру мақсатында компанияның сыртқы масштабындағы шығындарды пайдалану. ТӨК-те параметрлеуге жарайтын технико-экономикалық үлгі негізінде ғалымдардың теориялық өндірістерін тәжірибе жүзінде қолдану орын алды;

1-кесте

И.В. Пилипенко бойынша кластер мен территориялық-өндірістік кешен ерекшеліктері

Салыстыру параметрлері	Аймақтық/жергілікті кластер	ТӨК
Өндірістік ұйымның формаларының қалыптасу шарттары	Нарықтық экономика (капиталистік жүйе)- пайданы максималдау	Жоспарлы шаруашылық (социалистік жүйе)- минималды шығын
Генезис	Нарықтық күштердің кеңістікте пайда болу- агломерациялық әсер, еңбек өнімділігін арттыру мақсатында компанияның сыртқы масштабындағы шығындарды пайдалану	Параметрлеуге жарайтын технико-экономикалық үлгі негізінде ғалымдардың теориялық өндірістерін тәжірибе жүзінде қолдану
Орналасу орны	Бұрыннан игерілген құрылыс аудандары агломерация шеңберінде әр түрлі салада мамандандырылған кластер болып құрылады	Тұрғындары аз елді – мекендерді жаңадан игеру.
Компанияның басқару бағыты және қызмет ету бағыты	Орта және шағын кәсіпорындарының басымдылығы (өндіріс және қызмет көрсету)	Ірі вертикальді – интегралды зауыттар, бір орталықтан басқару (басшылық, министрлік, мемлекеттік жоспар.
Құрылым	Бір саладағы кәсіпорынның аралас қызмет көрсетуі	Ірі салааралық кешен- базистік топтың бірнеше саласы және кешенді өндірістер
Мамандану салалары	Қызмет саласындағы және өндірістегі жоғары технологиялық салалар, өндірістің дәстүрлі саласы, тұтынушыға бағытталған өндіріс саласы	Тау-кен және ауыр өнеркәсіп саласы, өндірушіге бағытталған сала
Ақпарат рөлі	Ақпарат рөлі кластердің қалыптасуында маңызды, фирмалар арасында, қызметкерлер арасында ақпарат пен идеялардың алмасуы, кластерде фирмалардың «ноу-хау» торлық	Өндірістің дамуына қажетті кәсіпорындар арасындағы, қызметкерлер арасындағы ақпараттық ағымның төмен

	құрылымының қалыптасуы.	деңгейі.
Адам капиталаның рөлі	Негізгі рөлі- білім тасымалдаушы, кластерде жұмыс күшінің қалыптасуы, басқалармен салыстырғанда еңбек ақының жиі өсуі	Екінші деңгейдегі роль, еңбек ресурсы-өндіріс күшінің дамуының ТӨК негізгі факторы
Ескерту - кесте [4] алынды.		

- орналасу орны бойынша, кластер бұрыннан игерілген құрылыс аудандары агломерация шеңберінде әр түрлі салада мамандандырылып құрылады. ТӨК тұрғындары аз елді – мекендерді жаңадан игеру мақсатында құрылды;

- компанияның басқару бағыты және қызмет ету бағыты бойынша, кластерде орта және шағын кәсіпорындар басым (өндіріс және қызмет көрсету) болады. Себебі кластерге шағын кәсіпорындар бизнесін дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптастыру мақсатында өз еркімен кіреді. ТӨК ірі вертикальді-интегралды зауыттардан құралып, бір орталықтан басқарылды (басшылық, министрлік, мемлекеттік жоспар);

- құрылымы бойынша, кластерде бір саладағы кәсіпорынның аралас қызмет көрсетуі қалыптасады. ТӨК-те ірі салааралық кешен - базистік топтың бірнеше саласы және кешенді өндірістер орын алады;

- мамандануы бойынша, кластер қызмет саласындағы және өндірістегі жоғары технологиялық салалар, өндірістің дәстүрлі саласы, тұтынушыға бағытталған өндіріс саласында дамиды. ТӨК тау-кен және ауыр өнеркәсіп саласына, өндірушіге бағытталды;

- ақпарат рөлі бойынша, ақпарат рөлі кластердің қалыптасуында, фирмалар арасында, қызметкерлер арасында ақпарат пен идеялардың алмасуы, фирмалардың «ноу-хау» торлық құрылымының қалыптасуында маңызды болып табылады. Ал ТӨК-те өндірістің дамуына қажетті кәсіпорындар арасындағы, қызметкерлер арасындағы ақпараттық ағымның төмен деңгейімен сипатталды;

- адам капиталының рөлі бойынша, кластерде негізгі рөл - білім тасымалдауға беріледі, онда жұмыс күшінің қалыптасуы ерікті, басқалармен салыстырғанда еңбек ақының жиі өсуімен ерекшеленеді. ТӨК-те адам капиталының рөлі екінші кезекте, еңбек ресурсы - өндіріс күшінің дамуының негізгі факторы болып табылады.

Жоғарыда талданған И.В. Пилипенконың кластер мен территориалды-өндірістік кешен ерекшеліктерін талдау кестесін зерттей келе, «Кластер» және «Территориалды өндірістік кешен» ұғымдары арасындағы айырмашылықтарды жіктеу жүйесі келесідей қарастырылды: меншік түріне, инвестициялау, жұмыс күшін тарту, жабдықтаушылар, тауар өндірісі және қызмет көрсету, инновацияны қолдану шарттарына байланысты өңделді.

1. Меншік түрі бойынша, ТӨК кеңес үкіметінде болғандықтан тек мемлекеттік меншік қатынастарында дамиды. Ал кластер нарық экономикасында қалыптасады және оны қалыптастыруға мемлекет, жеке бизнес, шетел бизнес субъектілері қатысады.

2. Инвестициялау параметрі бойынша кластерде аралас, ал ТӨК-те тек мемлекеттік қаржыландыру.

3. Жұмыс күшін тарту бойынша, кластер көбінесе қалыптасқан өндіріс территориясында дамығандықтан жұмысшылар өз еркімен барады. ТӨК жаңа территорияларды дамытуға байланысты болғандықтан мамандарды бөлу жүйесін қарастырды.

4. ТӨК-те өндіріске қажет жабдықтаушыларды мемлекет экономикалық тиімділік мақсатынан емес саяси біртұтастық мақсатына қатысты бөлді. Ал кластерде кәсіпорын мүддесіне байланысты ерікті түрде анықталады.

5. Тауар өндірісі және қызмет көрсету параметрі бойынша ТӨК-те мемлекеттік тапсырыс орындалып, негізінен шикізат өндіруге бағытталды. Кластерде тұтынушы қажеттілігіне сай тауар өндіріліп, қызмет көрсетіледі. Негізгі мақсаты шикі зат өндірісінен алшақтап, дайын өнім өндіруге қайта бағытталу.

6. Инновацияны қолдану параметрі бойынша, ТӨК-те әрдайым қайталанатын қалыпты жоспарлы өндіріс болғандықтан, инновацияға назар жеткілікті деңгейде бөлінбеді. Ал кластерде бәсекеге қабілетті болу үшін үнемі жаңа, жаңартылған, сапалы өнім өндіру мен қызмет көрсетуде инновацияны тұрақты қолдану қажеттілігі туындайды.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, кластер мен ТӨК екеуі бір түсінік емес екенін айқындадық. ТӨК өндірушіге қарайлайтын тау-кен орындары мен ауыр өнеркәсіп орындарында қалыптасса, кластер тұтынушыға бағытталған жоғары технологиялық салада және қызмет көрсету саласында, сонымен қатар дәстүрлі өндіріс саласында қалыптасады.

2-кесте

Кластер мен ТӨК ерекшеліктері

Салыстыру параметрлері	Кластер	ТӨК
Меншік түрі	Мемлекеттік Жеке Шет елдік	Мемлекеттік
Инвестициялау	Мемлекеттік Жеке Шет елдік	Мемлекеттік
Жұмыс күшін тарту	Өз еркімен	Жоспарлы
Жабдықтаушылар	Кәсіпорын мүддесімен анықталады	«Жоғарыдан» бұйрық
Инновацияны қолдану	Компанияның үнемі инновациялық белсенділігі бәсекелестіктің негізгі шарты негізінде	Инновацияны минималды түрде қолдану (әрдайым бір түрлі қайталанатын, жоспарланған өндіріс).

*Ескерту – кесте автор тарапынан құрастырылды

ТӨК құрудағы өткен 1920-1980 жылдардағы отандық тәжірибедегі жетістіктерімізге қарамай, шет ел тәжірибесінен заманауи біздің еліміздің ерекшеліктеріне сай, экономикамыздың бәсекеге қабілеттігін көтеруге көмегін беретін кластерлерді енгізу жеткіліксіз, келешекте дамуын қадағалау керек. Себебі нарықтық экономика жағдайында шетел тәжірибесінен үйренетін жәйттер бар. Оған кластерлік саясат шегінде технопарктерді дамыту бағдарламасын, жабдықтаушыларды дамыту бағдарламаларын және жасалған инновациялық және инвестициялық жобаларды жатқызуға болады.

1. Колосовский Н.Н. Теория экономического районирования. М., 1969

2. Морозова Т.Г. Территориально-производственные комплексы СССР. Учеб.пособие.- М., ВЗФЭИ, 1985

3. Гапсаламов А.Р. Территориально-промышленные комплексы СССР: особенности формирования. Материалы Всероссийской научно-практической конференции «Экономические и правовые аспекты регионального развития: история и современность». Елабуга, 2008

4. Пилипенко И.В. Конкурентоспособность стран и регионов в мировом хозяйстве: теория, опыт малых стран Западной и Северной Европы. – М., 2005. – 496 с.

В данной статье рассмотрена роль кластерного развития экономики в целом. Исследованы результаты внедрения кластерной модели организаций экономики в зарубежных странах. Проанализированы в сравнении понятия кластера и территориально-производственного комплекса.

In this article analyzed cluster's theory, comme the importance factor of the development of the competitiveness of the national economics.